



# ***Баланың балабақшаға бейімделуі***

2 - 3 жастағы балалар үшін балабақшаға бейімделу күрделі құбылыс. Бейімделу уақытында баланың эмоциялық жағдайы көп өзгеріске түседі.

Балабақшаға келген бірінші, екінші күндерде бала мүлдем жыламауы да мүмкін, себебі, оны балалар да, жаңа бөлмелер де қызықтырады, және ол бәрі уақытша деп ойлайды. Екінші, үшінші күндерден бастап бала уақытша еместігін түсінеді, сондықтан қорқыныш пайда болады. Баланың қорқынышының бірінші себебі, ата-анасы оған келмей қалады деп қорқады. Екінші себебі, тамақ ішу, ұйықтау үлкен бөлмелерде, көп адамдармен өтеді, балаға барлығы мүлдем таныс емес. Осының барлығы балаға үлкен стресс, бір аптаның ішінде бала суық тиіп ауру мүмкін, себебі стресстік жағдай оның иммунитетін төмендетеді. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, баланың жеңіл бейімделуі сіздердің қолдарыңызда.

Бейімделу деген – ол ағзаның жаңа ортаға бейімделуі, ал балаға балабақша, топ іші, құрбыларымен қарым-қатынас жасау, жаңа күн тәртібі, таныс емес заттар жаңа орта болады. Баланың бейімделуі психофизиологиялық ерекшеліктеріне, отбасында қалыптасқан қарым-қатынасқа байланысты болады. Үш жасқа дейінгі балардың дамуында бірнеше заңдылықтар бар.

Ол:

## **Ата-аналарға кеңес:**

- Балабақшада баланы не күтіп тұрғаны туралы жақсы лебізбен, қуанышты уақиға екенін көрсету керек;
- Балабақша тәртібімен үй тәртібін сәйкестендіріңіз;
- Тәрбиешіге балаңыздың не білетіні, білмейтіні, дағдылары туралы, балаңызға қандай көмек керек алдын ала айтып қою керек;
- Бірінші аптада баланы балабақшаға толық күнге қалдырмаңыздар;

- *Баланың қолына жақсы көретін ойыншығын беріңіз, үйге келген соң: бүгін «қоян» кіммен танысты, ол не істеді деп әңгіме жүргізсеңіз, балаңыздың балабақшаға қалай үйреніп жатқанын білесіз;*
- *Өздеріңіздің қобалжығандарыңызды, қорқыныш болса балаға көрсетпеңіздер;*
- *Қоштасудың бірнеше түрлерін ойлап тауып, үйде баламен жаттықтыру керек;*
- *Үйдегі жағдайды балаңыз келетін топтың күн тәртібіне бірдей етіп ұйымдастырыңыз;*
- *Балабақшаның тамақтану ас мәзірімен танысып баланың үйдегі тамақтануына балабақшада ішетін тамақтар түрін қосыңыз;*
- *Баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, балабақша туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, айналасы, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз;*
- *Есіңізде болсын, сіз көбірек осындай жылылық білдірсеңіз, сіздің балаңыз балабақшаға тез бейімделеді.*
- *Балаңыздың көзіңше балабақша туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз;*
- *Бірінші күні балабақшаға серуенге келген дұрыс, тәрбиешімен танысып, балаңызға жаңа достар табуға. Сондай – ақ балаңыздың сүйікті ойыншығын балабақшаға беріп жібергеніңіз абзал;*
- *Бейімделу мерзімінде үйде демалыс кезінде баламен көп шұғылдандуды қажет етеді, серуен жасау, күн режимін сақтау, эмоциялық жүктемесін түсіру қажет;*
- *Балабалабақшаға тек ауырмай келуі қажет. ОРЗ, ОРВИ сақтану үшін түрлі витаминдер пайдалану қажет, мұрын қуыстарын оксолин майымен жағып тұру қажет.*

**Балабақшаға келген балаларға тәрбиешілер, олармен қосылып біз, психологтар эмоциялық жағдай жасауға тырысамыз.**

